

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

«Осыдан аттай қырық үш жыл бұрын өзі «абыздай аруақты, аңыздай ғажайып» деп сипаттаған Серке Қожамқұловтың мерейтойына арналған мақаласында қаламгер: «Оның жетпіске шыққаны – күллі қазақ халқы үшін, ұлтымыздың өрге басқан өскелең мәдениеті үшін үлкен мереке», деп жазған екен. Сол сөзді біз бүгін жазушының өзіне де бағыштай аламыз.

Әбіш Кекілбаевтың жетпіс жылдығы – қазақ әдебиетінің, қазақ мәдениетінің, қазақ қоғамдық ойының ғана емес, жалпы қазақ рухының жеткен бір белесі ретінде байыпталатын, бажайланатын дата. Оны жазушының, саясаткердің, қайраткердің он жыл сайын оралып отыра тын кезекті мерейтойы деп қана қарау жетімсіз. Біз Кекілбаевты әлі толық танып-біліп болған жоқпыз. Мұның өзі соншалықты орасан олқылыққа жатпайды. Бұл тұрпаттағы тұлғаларды замандастарының толық танып-біліп үлгеруі қисынға келе қоймайды. Кекілбаев сынды суреткерлердің, Кекілбаев сынды ойшылдардың қатпар-қыртыстары айналасы бір ғасырдың о жақ, бұ жағында қопарыла қалуы қиын болса керек...

Әбіш Кекілбаев – біздің бүгінгі мына әлемге үшінші мыңжылдықтың басындағы қазақ осындай деп алға тарта алатын аз адамымыздың бірі. Қаламгердің қазіргі қазақ қоғамындағы алар орнын оның жазушылығымен де, тарихшылығымен де, ойшылдығымен де, саясаткерлігімен де, қайраткерлігімен де толық жеткізіп айта алмаймыз. Жәнібек тархан жайындағы сөзінде автордың: «Жау тоқтатудың орнына жау жоқ жерде жау шақыратын батырлар да болған, дау тоқтатудың орнына дау шақыратын билер де болған. Бізге дау шақыратын, жау шақыратын билер мен батырлар емес, қарап отырып тоқтықтан, қымыздың желіне масығып көршіге тиіспей, халықтың басына іс түс кенде қол бастайтын сардарлар керек. Әншейінде құлақ тыныш отырғанда өзі килігетін билер емес, құлақтан маза кетіп, арың төгіліп бара жатқанда сөз бас тайтын ділмарлар керек. Ең дұрысы, сөзді де, қолды да бас татпауға тырысатын, елдің тыныштығын, ағайынның аманшылығын сақтайтын елдарлар керек», дейтіні бар еді. Руханият әлеміміздегі сондай сардар да, сондай ділмар да, сондай елдар да – Әбіш Кекілбаевтың өзі.

Қазақтың Әбіші.

Біздің ұлттық мақтанышымыз».

2009 жылғы 18 тамызда жарияланған «Сардар. Ділмар. Елдар» атты мақаламызды осылай түйіндеген екенбіз. Одан бері де бес жыл өтті. Бес жыл бұрын айтылған сол сөздерімізді қазір де қаз-қалпында қайталай аламыз. Әбіш Кекілбаев –

қадірі уақыт өткен сайын арта беретін тұлғалар қатарынан. Дәл бүгін, 6 желтоқсанда қазақтың аса көрнекті қаламгері, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев жетпіс бес жастың жотасына көтеріліп отыр. Біз бір кезде өзі басқарған «Егемен Қазақстанның» екі жүз мыңнан астам оқырмандарының атынан жазушыны мерейжасымен құттықтай отырып, Әбіш ағаға ұзақ өмір, мықты денсаулық тілейміз, «Халықтың бағына жасай беріңіз, жаза беріңіз!» дейміз. Бұл тілекке таяуда 95 жылдықтың төріне шыққалы отырған ел газеті «Егеменнің» оқырмандарымен қатар, асылды ардақтай алатын әрбір алаш азаматы қосылары күмәнсіз деп сенеміз.

Қаламгердің ұшан-теңіз білімі оның әр кітабы тұрмақ, әр мақаласы тұрмақ, әр сөйлеген сөзінен де келісті көрінеді. Солардың бірін – Дүниежүзілік маңызға ие мұралары бар Еуразия қалаларының Ақтауда өткен VII халықаралық конференциясында сөйлеген сөзін орысшасынан аударып, Әбекеннің туған күніне шағын тарту етіп ұсынамыз.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Ғасырлар мен мәдениеттер астасқан аймақ

(2014 жылғы 26 тамызда Ақтау қаласында өткен Дүниежүзілік маңызға ие мұралары бар Еуразия қалаларының VII халықаралық конференциясында сөйленген сөз)



Сіздер кешелі-берлі Атырау теңізі жиегіндегі Ақтау деген жас қалада жайғасып жатырсыздар. Бұл жағалау баяғыда Ахемен әулетіне қараған. Олар осыдан жиырма бес ғасырдай уақыт бұрын өз шекараларын тегістей аралап шыққан. Сонда Корианда шаһарында туған Скилак деген капитан өзінің кемесінің күнделік журналына «бұл теңізді ұзынынан он бес күн бойы, ал енінің ең кең жерінде сегіз күн бойы үзбей ескек есіп, жүзіп шыға аласыз» деп жазыпты.

Арада екі ғасырдай мезгіл өткен соң, оны грек флотының қолбасшысы Патрокл да қайталапты. Ол бұл теңізді «сыртқы мұхиттың теріс кей-шығыс ойкуменаны жағалай шайып жатқан шалғай шығанағы» деп табады. Сыңайы, ол мұндай түбі шикі мәліметті Александр Македонскийдің қағаздарының арасынан тапса керек.

Ұлы қолбасшының анасы Олимпиада мен ұстазы Аристотельге жазған хаттарында «Теріскей Мұхитқа да жеттік» деп мақтанатыны бар еді. Шамасы, оны Орта Азия жорығында бірге болған өңкей желбуаз даңғой серіктері «жердің қиыр шетіне дейін жеттік» деп сендірген секілді. Бірақ, бұған жұрттың бәрі онша илана қоймайтын. Бұл жорықтың болған жерін де, болуға тиіс деп жоспарланған жерлерін де түк қалдырмай аралап көрген адмирал Демодамнан қалған мәліметтер де әлгі деректерді атымен теріске шығарады.

Біз бұны тектен текке айтып отырған жоқпыз. Атырау теңізі мен оның төңірегі көптен бері жұртшылық көңілін аландатулы еді. Геродоттың мәлімдеуінше, теңіз бойын жайлаған көшпенді тайпалар Ахемен империясының ХІ сатрапиясын құраған. Әр жыл сайын 200 талант салық төлеген. Бұл аз ба, көп пе?

Оны білу үшін өзге сатрапиялармен салыстырып көрелік. Жер өңдеумен айналысатын Хорезм, Соғда және Парфия ХVІ сатрапияны түзіп, жылына 300 талант салық түсіреді. ХХІ сатрапияны құрайтын Бактрия, 360 талант салық беретін-ді. Қалған сақтар ХV сатрапияға бірігіп, жылына 250 талант салық тапсырарды. Әрбір талант – бұл саудыраған 30 килограмм тап-таза бабыл күмісі деген сөз еді. Ол заманда оны өтеу ешкімге де оңайға түспеген. Екі жүз талант – 6000 килограмм күміс. Демек, жылына мұншама салық төлеу үшін тұрмысы едәуір оңды тұрғындардың айта қаларлықтай қомақты жиынтығы табылып тұруы шарт. Маңғыстауда мұндай экономикалық база баяғыдан бері бар екен.

Бұлай болуы түсінікті де. Алдыңғы Азияны ойдағыдай игерген адамзат терістікке қарай тым шығандап кетті. Атырау теңізі маңында Жейтун, Анау мәдениеттері бой түзеді. Дандам – Чешме, Кайлю, Жебел, Құба Сеңгір деп аталатын алғашқы адамдардың әзелгі мекенжайлары пайда болады. Маңғыстау бойы да бос қаңырап жатпады. Тек соңғы жылдардың өзінде Ақтау маңынан Қосқұдық, Бозашыдан Шебір, Үстірттегі Ойықтыдан алғашқы адамдардың тұрақтары табылады. Тек Үстірттің өзінде мұндай тұрақтардың алпыстан астамы арнайы есепке алынып отыр. Олардың ұзын тізбегі сонау Оңтүстік Оралдағы Жанкөлге дейін созылып жатыр.

Мұндағы тарихи-мәдени континуумның өзі көңіл тоғайтады. Оған археологтарымыз жылма жыл ашып жатқан жаңалықтар куә. Оларға Сартас маңындағы Өңежеден табылған ортаңғы палеолит артефактілері, Сенектегі мезолит тұрақтары, Түлкілі, Құлалы, Батыс Қаратау мен Үстірттегі кремний (шақпақтас) жиындылары жатады.

Жем бойындағы ескі қоныстар осыдан сегіз ғасыр бұрын балық аулап, аң қулап, терімшілік еткен бағзы бабалардан қалған-ды. Қола ғасырында энеолит муфлондары қолға үйретіле бастады. Теріскей Үстірттегі Тоқ санбай соны еске түсіреді. Біздің дәуірімізге дейінгі V-II ғасырлардағы сол түстіктен оңтүстікке қарай шұбырған ежелгі көшпенділер жолындағы Маңғыстауды да айналып өтпеген. Иманқара, Қойқара, Саптоғай, Тасоба, Қособа, Ақүйік, Қараүйік, Қызылүйік, Жетіүйік, Ербасан, Қозыбай-Төрткүл, Қарамола, Тәтімтөбе, Бәйте, Уәлі, тағы басқа көп үйіктер мен жеке үйіктер соның бұлтартқызбас дәлелі. Жемнің сағасында ұлан-ғайыр жерді алып Сармат дәуірінің зираты Нарманбет жатыр. Қарабұғаз жиегіндегі қаптаған қалың қорымдар бағзы массагеттерді еске түсіреді. Жергілікті дайлар бір кезде олармен бірігіп, конфедерацияға ұйысқан. Кейін бірақ жер жетпегендей, бұрынғы одақтастарын өлкеден түре қуып шыққан. II Птолемей оларды Дайкс атандырады. Кейбір ғалымдар бұларды бүгінгі адай қазақтарының түп атасы деп санайды.

Әбескүн, Каспий, Хвалын, Мовуш, Хазар, Күлзім, Сиях-кух, Бангышлак, Маңғышлак, Маңғыстау атауларының аржағында күрделі геосаяси өзгерістер жатқандай.

Қара ған, Түпқараған, Шорым, Алтынқазған, Теміртапқан, Байтақ, Ағашкент, Қабақты, Қамыран, Аққауым, Керзі, Ұзынбас, Жантық, Асан, Сығынды, Қарасенгір, Шұқыр ауыл, Қайғы лы Бабахан, Кенған, Қарамая, Кендірлі, Кетік, Қорғантас, Мамаселік, Қаңға, Түбіжік, Сар тас, Есен түбек, Көкімбай, Ақшора, Белтұран, Қарлыбас, Қошақ, Қызылқала, Қызыл тас, Қызылсу, Қасар, Уәлі, Жиделі, Сам, Асмантай, Матай, Ернек, Дізесай, Делі-орыс, Белеулі, Бейнеу, Шанқала, Шай тан қала, Везир, Шахри-Везир, Алан, Қоны ралан, Алан-Қамал, Сүмбе-Темір-Алан, Дәу кес кен, Селиозор, Мансуалмас, Шілден, Дәу лет керей, Қызылтам, Қызан, Айрақты, Шер қала, Айбұғыр, т.б. толып жатқан жер-су атаулары тыңғылықты зерттеуді талап етуде. Өлкенің тарихи-мәдени дидарын жасауға бір емес, әлденеше этнос пен ұрпақтардың қатысқанынан хабар беретіндей.

Маңғыстаудың алғашқы тұрғындары теңіз бойында тұрған. Жаугершілікпен өмір сүрген. Жаппай күн суыту жаппай отқа табыну шылықты тудырған. Кирдің ажалы үшін Дарий өш алған.

Тиграхауда сақтарының тасқа қашалған бейнесін алғаш рет Александр Македонский Персеполисте көрген еді. Ал тірі күйінде оларды Фересманның мың жарым сарбазы қару асынып Самарқандқа келгенде ұшырастырады. Басы асау Маңғыстау ол кездегі шайқастардан онша зардап шекпегенді. Біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда Хорезмде қаңлы тайпасының түкірігі жерге түспеді. Бұрынғы Яңдай өңірі мен оның төңірегі тұтасымен Қанға (Қаңлы) аталады. Қаңға деген қала Маңғыстау түбегінде де сол тұста пайда болады.

Сол кезден бастап, Маңғыстау Батыс пен Шығыс арасындағы алтын көпірге айналады. Екінші ғасырда утриғұрлар мен котри гурлар батысқа қарай жөңкіле көшті. Олардың қатарында өзге де түрік тайпалары болды. Олар Дунайға дейінгі алқаптарды емін-еркін жайлап жатты. III ғасырдан бастап былғары илеумен аттары шықты. Олардың бір бөлігі Аспарух ханның басқаруымен Бал қанда мемлекет құрды. Қалғандары Еділ Булғариясына қосылды. Олар Хорезммен байланыс жасап тұрды. Олардың басты бұйымы мыңабден иленген былғары болды. 1211 жылы солардың негізінде Қазан хандығы ашылды. Оның Хорезммен үзбей жасаған сау дасы Атырау теңізі арқылы жүргізілді. Маңғыстау далаларын да керуен жолдары аямай шимайлады.

Көшпелі тайпалардың этносаияси бірлесулері жүзеге аса бастады. Әуелі аорстар, сосын аландар көзге түсті. Екі дәуір тоғысында шығыстан шұбырған көші-қон легі жиіледі. Олардың арасында хиондар, абдалдар, кердерілер де бар еді. Әлденеше жылдар қатарынан Маңғыстауда ерсілі-қарсылы көшіп жүрер еді. Кенет бәрі де шым-шытырық болып, мидай араласты да кетті. 551 жылы Мервті арабтар келіп жаулап алды. Араға жеті жыл салып, 558 жылы түріктер Жетісу, Сырдария, Арал және Еділ бойларына баса-көк теп енді. Ол кезде жергілікті тұрғындар негізінен зороастристер мен несториандар еді. 729 жылы түргештер Мауереннахрды арабтардан босатты. Қалыптасқан жағдайды қытайлар пайдалана қойғысы келді. Оған карлұқтар кедергі келтірді. Олар 751 жылы Таразда арабтар жағына шықты. Қашқарға дейінгі алқаптың тұрғындары ислам дінін қабылдады. Сырдария бойында да исламдану күшейді. Сөйтіп, Баршын, Шахаркент, Хасақ, Тарсақ ұлыстары пайда болды. «Құдад ал Алам»: «Алан дегеніміз Хасақ ұлысы», деп тайға басқан таңбадай қылып атап көрсетеді. Ал Әбілқасым Фердоуси «Шахнамада»: «Қасақ – Аралдың теріскейіндегі күшті ел», – дейді.

Сол елде Керекуші Қожа тұрады. Ағаштан үй жасайтын шебер. Ол бірде түс көреді. Денесінен зәулім шынар өсіп шығады. Үш бірдей бұтағы көкке әзер жетпей тұр. Қорқыт деген көріпкел Керекуші Қожаны «ұрпақтарың әлемді билейді екен» деп жұбатады. Расында да, оның Селжүк, Тоғрұл, Шағырай деген үш ұрпағы бүкіл ислам дүниесін билеп-төстеген Ұлы Селжүк империясын құрады.

Түркістанға Қожа Ахмет Яасауи келіп жерленеді. Ол Ақпан, Қараман деген ағалы інілі жігіттермен араздасып қалады. «Шежірейи Турктің» авторы Әбілғазының айтуы бойынша: «Қынық-бек, Қаған-бек, Қараманбек басқаруындағы көп ел Маңғыстауға кетеді». Олардың арасында баяттар, язырлар, шепнелер, салорлар, афшарлар бар еді.

Маңғыстау зираттарындағы тас қорапшалар афшарлардан қалған-ды. Баяттар XIII ғасырда Әзербайжанға ауып көшкен-ді.

Сырдария бойында оғыздарға дейін пешенелер тұрған-ды. Олар әуелі Жайық бойы мен Маңғыстауға, содан Еділ бойы мен Теріскей Кавказға ығысқан. Ақындар Салор Қазан туралы дастанда осы оқиғаларды еске түсіреді. Бірде Салор Қазан қайтыс болған Қазығұрт тауына әкесіне ас беруге аттанады. Ол жоқта ауылды өштесіп жүрген пешенелер шабады. Салор Қазанның әйелі Шашақты қолдарына түсіріп, өздерімен бірге алып кетеді. Ол тұтқында жүріп, ата жауынан ұл табады. Оғыздар келмей тұрғанда, пешенелер отырған жерлерінен ауып көшеді. Жаңа барған жерлерінде оларды Қондыкер деп атайды. Бұрынғы көшкен жерлері әлі күнге пешенелердің құрметіне Айрақты немесе Иректі деп аталады.

Бүгінде Айрақты тауына жақын жерде Шетпе (Шепне) кенті, Аусары (афшар) бұлағы, көнелікті Қызан (Казан) қонысы, Қараман Ата жер асты ғимараты бар. Қараман Ата Маңғыстауға келген соң ислам дініне кіріп, жерасты ғимаратын салады. Оның ұрпақтары қазір Түркияда тұрады. Өнегесін басқалары да ұстанады. Олар ежелгі Маңғыстау жеріне дәнспан, шәудір, бозашы, қарқын, аусары, ер сары, емір, бәйте, шайыр, бұрынжық, егдір, тоқмақ, мерет, баянды, тәңкі, бесоғыз, шебір, иір, жармыш, қолмыш, онды, санжақ, бесоқты, т.б. топонимдерді қалдырып, Маңғыстау арқылы IX ғасырда Дон, Днепр, Дунай бойларына өтті.

1030 жылы бұрынғы пешенелер мен оғыздар жайлаған жерлерді қыпшақтар мекендеді. Олар Маңғыстаудың солтүстік жартысы мен Үстірт қыратын түгелдей иеленді. Енді әліге дейін бір мемлекет болып көрмеген Хорезмде тыныштығынан айырылды. Қият пен Үргеніш әрқайсысы жеке-дара астана еді. Оларды 996 жылы Момын ибн Мұхамед біріктірді. Кейін Хорезм Селжүк империясына қарады. Ол кезде оны Ахмет ибн Қошқар билейтін. Ол ішкі алауыздықтардан мерт болды. Сұлтан Санжар оның орнына Құтбаддин Мұхамед Ануш-тегінді қойды. Марқұм Ахмет ибн Қошқардың ұлы Маңғыстаудан ауыр қолмен аттанып, Хорезм шахты шабады. Ақтау қаласының түбіндегі Қошқар Ата көнелікті зираты зобалаңдары көп сол бір жылдардан сыр шертіп тұрғандай.

Құтбаддин Атсыздың шах болған ұлыда қыпшақтармен бітіспес күреске шықты. Ел Арыслан олармен бітімге келуге тырысты. Текеш бітісіп те тынды. Қыпшақ қызы Теркен-хатунға үйленеді. Бұл әйгілі Инал-ханның бауыры еді. Отырар шайқасына бірден-бір себепкер болған да сол еді. Текеш пен Теркен-хатунның ұлы Аладдин ибн Мұхамед бай тақ елін жасанып келген жойқын жаудан құтқара алмады. Оны Ушыр-адада қара жердің қойнына берген Жалелетдин бауырлары Озлаһ-шах пен Ақ-шаһты ертіп, Маңғыстауға келді. Әскер жинады. Оларды шұбыртып, Үргенішке апарды. Бірақ өз дегені болмаса, өзгеге құлақ аспайтын адуын Теркен-хатун Мазендаранға кетіп қалыпты. Барып, Шыңғыс ханның тұтқынына түсіпті. Ақырында 1220 жылы Моңғолияда өлді.

Теркен-хатунмен бірге тұтқынға түскен қызын Жошы сұлтан алды. Екеуінен Берке туды. Әкесі өлген соң, Сығанақта мұсылмандар арасында тәрбиеленді. Қарақорымдағы Мөң ке сарайынан оралып келе жатып, жолда Бұқа раға соғып, Сайфеддин Бахарзиден бата алды. Өтеміс қажының «Шыңғыснамада» жазғанындай, Беркенің қасына жиналған қарақұраң Үстірт үстінен Сарайшыққа дейін бес жүз, Еділге жеткенше мың жарым, ал арғы жағындағы Сарайға барғанша қара құрым адамға жетіпті.

Еуразиядағы кез келген діни экспансия Маңғыстауды айналып өтпеген. Зороастристер ұғымындағы алғашқы адам Манда Үстіртке шығатын жолдың бойында – Манатада жерленген. Дін ауысқан сайын мұндағы киелі орындардағы үрдістер де ауысады. Ислам діні тарай бастағанда, Қожа Ахмет Ясауи сүйікті шәкірті Сүлейменді Маңғыстауға жұмсайды. Мініп келе жатқан түйесі Аралдың маңына келгенде, шөгіп жатып алады. Қанша қамшыласа да тұрмайды. Амалсыз сол араға кідіреді. Бақырған ауылы солай пайда болады. Сүлеймен Бақырған сол ауылдың бойжетіп отырған қызы Амбар Анаға үйленеді. Көп ұзамай балалары дүниеге келеді.

Олар осы арадан маңайындағы елге дін тарата бастайды. Бірде кіші баласы үйге қайтпай қалады. Ертесіне күн кештете оралады. Әбден шаршаған. Бір үлкен дарияның

жағасында кеме суға батып бара жатқан екен. Баласы соларды құтқарысыпты. Сүлеймен Бақырғани баласы Сұлтан Хуббиға батасын береді. Ол Маңғыстауға барады. Көп әулие орындары табылады.

Дәл сол кезде Түркістан төріндегі Құқай тауының бір шоқысының басында Дәніспан хазрет ойға шомып отырар еді. Әлдебір дәруіштің әлдеқайда асығып бара жатқанын көреді. «Қайда асықтың?» – деп сұрайды. «Сұлтан Құбби көп киелі орын тапқан екен. Соны көруге асығып барамын», – дейді дәруіш. Хазрет бірге бармақшы болып, бұны естіп, орнынан түрегеледі. Сонда тау шатқалына тіл бітеді: «Ол алыста ғой. Оған жаяу жете алмассыз», – дейді. Хазрет пен дәруіш орындарына қайта отырады. Тау қозғалып батысқа қарай біртіндеп жылжып келеді. Апта жүреді. Ай жүреді. Ақыры бір жерлерге жетіп тоқтайды. «Әрі қарай жаяу барасыздар. Әулиелер күтіп қалды», – дейді. Бүгінде Таушық кентінің тұсында жоғалған түйе секілді жеке тау тұр. Бұл – сол Дәніспанның барып тоқтаған жері екен.

Әулиелер Маңғыстауға жиыла бастайды. Өзара өнер сайысады. Бір-біріне таңғажайып күштерін көрсетеді. Маңғыстаудың ойындағы үш жүз алпыс әулие туралы агиографиялық цикл солай туады. Араб календарында үш жүз алпыс тәулік бар. Әр күннің өз киесі бар. Исламға дейінгі киелі күндерге табынатын әрқилы пұттар Қағбаның маңайына жиналған. Соншалықты әулиелер Көне Үргеніштегі ескі зиратта да бас қосқан. Олар Маңғыстауды да қоныстанған. Бірақ әрқайсысы әр жерге орналасқан. Шопан Ата, Қараман Ата, Масат Ата, Шақпақ Ата, Қошқар Ата, Қапам Ата, Есен Ата, Дүлдүл Ата, Сисем Ата, Құсшы Ата, Сұлтан Епе, Оғланды әулие, Ұзын әулие және басқалары туралы аңыздар солай пайда болған. Маңғыстаудың әр пұшпағында бес жерде Бекет Ата мешіт салдырып, онда бала оқытқан.

Бұл агиографиялық аңыздар өткеннің құдіреті сипаттарына рухани терең бойлап, адам мен жаратылыс күштеріне деген сұпылық, шамандық элементтер мен өткен ұрпақтардың космологиялық, астрологиялық, тіпті геосаяси дүние түйсігулерінің күрделі контоминациялық жиынтықтары болып табылады. Мәселен, Темір баба туралы аңыздарды алайық. Оны Болғарияда алевтин әулиесі ретінде қарастырады. Бір аңызда Московия аспанындағы ұшып жүрген аждаһа туралы айтылады. Ол жерге түсе бергенде екіге бөлінеді. Біреуі Московияның жерін кезіп кетеді де, екіншісі мұсылмандар еліне қарай қашады. Ол жақта Темір баба деген пірәдар оны ұстап алып өлтіреді. Бұны Москваның патшасы естіп, Темір бабаны өз еліне шақыртады. Мұндағы аждаһа да өлтіріліп, билеуші әбден риза болады. Темір бабаға сый-сияпат беріліп, бір өлкесіне әмірші қылып қояды. Бірақ, Темір баба бұған келіспейді. Туған еліне оралып, өз жерінен топырақ бұйырады. Қазір Түрікменстан шекарасына жақын тұста – теңізге іреп кіріп жатқан пышақтың жүзіндей жіңішке түбектің ауызында жатыр. Шамасы, бұндай аңыздың тарауына өмірде болған оқиға себепші болса керек. Ол теңіздің Ресей жағалауына да, шығыс жағалауына да бірдей қауіп туғызса керек. Сонда ол тудырған үрейден сейілтуге алевтин әулиесі айрықша күш салса керек. «Вилайет наме-йи Отман баба», «Вилайет наме-йи Хаджи Бекташ», тағы да басқа батыс-шығыс еңбектерінде тек Темір бабаның ғана емес, сол сияқты Хажы Бекташ, Отман-баба, Сары Салтық, тағы да басқа Қожа Ахмет Ясауи шәкірттері мен ізбасарларының аттары Дон, Днепр, Дунай алқаптарындағы елдерге де кеңінен таралғаны байқалады.

Бұл бір жағынан Прометей Кавказының, екінші жағынан «Авестадағы» Арьянамавайджаның арасына жайғасқан Маңғыстаудың үлкен геосаяси маңызын аңғартады. Құзға салынған Шақпақ Ата ғимаратының төрт бұрышы әлемдік сәулет өнерінің атақты төрт ордені стилінде әшекейленгенінің өзі тегіннен тегін емес екенін сездіреді. Бұл гәпке Ал-Истархи, ибн Ал-Асир, Ибн Батута, ибн Русте, Мұхамед ибн Неждан Бекран, Махмұд Қашқари сынды зерттеушілердің бәрі бірдей маңыз беріп, назар аударғаны көп нәрсені сездірді. Хорезм қолбасшысы Рас-Тарханның 704 жылы Тбилисиді басып алғаны, X ғасырда Хазария құлағанда қашқындарының СияхКухқа, Маңғыстауға қашып келіп паналағаны белгілі. X, XI, XII ғасырларда Текеш, Атсыз, Күтбадин

Мұхаммед Ануштегиндердің бәрі бірдей бұл түбек үшін шайқасқаны оның аса үлкен халықаралық, дінаралық маңызынан хабар бергендей еді.

Ол маңызы Алтын Орда тұсында айрықша аспандап кетті. Бату хан Орда базарын біресе Ұлытаудағы Кеңгір бойына, біресе Жайық бойына, біресе Еділдің оң жағалауына, біресе сол жағалауына әрлі-берлі көшірумен болды. Еуропаның жартысын жаулап алғасын қол астындағы ұлан-байтақ атамекенін жорыққа қатысқандармен бөліске салды. Маңғыстау, Үстірт, Хорезм Жошының сегізінші ұлы Тоқай-Темірге бұйырды. Қираған қалалар, бүлінген керуен жолдар, азып-тозған ауылдар мен бұлақтар тәртіпке келтіріледі. Орта және Орталық Азия, Қытай, Индия, Таяу Шығыс елдерімен сауда-саттық, дипломатиялық байла ныстар үзбей жүргізіледі. Тек Сарай, Сарайшық, Каспийдің шығыс жағалауындағы Түпқараған, Қабақты, Сартас, Қошақ, Қызылтаста ғана емес, құлазып жататын Үстірт қиырларындағы Ақтөбе, Таскешу, Ұшқан, Мансуалмас, Сам, Белеулі, Шұрық, Әжігелді, Дәукескен, Айбұғыр, Кетік, Қаңға, Қызылқала, Уәлі, Шопан Ата, Дәрмен, Қызылсу бойларында да өмір қыз-қыз қайнады. Әрлі-берлі шұбырған керуендерден көз тұнды.

Бірақ, ол ұзаққа созылмады. Шыңғыс ұрпағының арасындағы алауыздық барған сайын ұлғая түсті. Әуелі ұлысішілік, сосын ұлысаралық, артынан құрлықаралық кикілжіңдерге ұласты. Ақыр аяғында кешегі гүлдей құлпырған сәнді метрополиялар сиқы қашқан сұрықсыз шетаймақтарға айналды.

Алтын Орданың үздік-создық ыдырауы көпке дейін созылды. Әуелі Бату ұрпағынан дәурен кетті. Олардың кебін Тоқай-Темір әулеті киді. Тоқтамыс пен Ақсақ Темір әулеттері әрі ырғасты, бері ырғасты. Екі орта да Едіге әулеті екі жеп, биге шықты. Маңғыстау топономикасында ноғай, ноғайлы, ноғайты, Мамай, Қаралсай, Қазы, Сары, Қалау, т.б. терминдерінен аяқ алып жүре алмайсыз.

Исмайыл мен Жүсіп арасындағы дүрдеараздық онжылдықтарды қойып, ғасырларға ұласты. 1586 жылы Исмайылдың Хан деген немересі Маңғыстау бойын жайлап алған өз атасының дұшпандарына қарсы жорық бастады. Онда ауылының құбыла бетінде талай ноғай жер тістеді. Одан біраз ба тысқа қарай Шорым, Қамыран, Қарасай лар арандай ауыздарын ашады. Ноғайлардың өзара қырқысқан жерлері. Мұрын Сеңгірбаев жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпосының толық нұсқасының тек Маңғыстаудан табылуы тектен-текке емес еді.

Алтын Орданың біржолата құлауы Ресейдің Бұхара мен Хиуаға қызығушылығын күрт оятты. 1558 жылы ақ патша ағылшын көпесі Дженкинсонды Маңғыстау арқылы Хиуаға жұмсады. Ол Орта Азиядан қайтып келе жатып, Тоқмақ шығанағына тоқтайды. Теңіз жағасындағы әдемілеп салынған үйлері, мешітті, керуен сарайы бар жасыл желекке оранған қаланы көреді. Бұл Кендірлі еді.

Өлкені ол кезде Темір сұлтан билейтін. Оның Шәйбан тұқымынан болатыны да түсінікті еді. 1486 жылы Созақта жеңілген Мұхаммед Шәйбани Маңғыстауға келіп қыс тап, біраз тынығып алған соң, қайтадан жорыққа аттанатын-ды. Бет қаратпай тұрған Әмір Темір әулетін біржолата Орта Азиядан аластауға сол жолы бекіген еді. Сол жолы Маңғыстау билеушісі етіп Шәйбан әулетінің ұрпағын қалдырып кетіп еді.

Темір сұлтан 1557 жылға дейін Хиуаны билеген Ағатайдың ұлы еді. Одан кейін таққа Хажым сұлтан отырды. Сосын Араб Мұхаммед биледі. Оған ұлдары Хабаш пен Илбарс қарсы шықты. Хабаштың аталығы найман шонжары Дәулет би еді. Ежелгі Ақтау топырағы 1622 жылы Орта Азиядан қайтып келе жатқан орыс елшісі Иван Данилович Хохловты тіксіне қарсы алды. Ол Бұқарадан бір топ орыс тұтқынын жол-жөнекей сатып алып, еліне әкеле жатқан еді. Оларға Хабаштың немесе Абаштың адамдары жол-жөнекей тиіседі. Бұлар дудыраған сеңсең бөрік киген өңшең түрікмендер еді. Үргеніштен бері бірге келе жатқан саудагер Мақтаман бай елшіге ара түсті. Жергілікті жердің аузы дуалы адамы Дәулет биге жүгінеді. Бұл Қалипан деген жерде болады. Дәулет сол арадан онша алыс емес Қарабаста тұрып жатты. Ол Хохловтың босануына көмектесті. Бұл кезде Илбарс пен Хабаш (немесе Әбеш) Хиуада әкелерін тақтан түсіріп, орнына өздері тақ иеленген-ді.

Оларды Араб Мұхаммедтің тағы бір баласы Спандияр келіп, қуып шықты. Ол «Шеджере-йи Түрікті» жазған інісі Әбіл - ғазымен өштесіп жүретін. Ұзақ жыл қуғын - дарға ұшыратады. Әбілғазы біресе Түркістандағы Есім ханға, біресе Тәшкенттегі Тұр сы н ға, біресе Иранға, біресе Маңғыстауға ба рып паналайды. Сол арадан оны Хиуаға ш а қы р тып, хан тағайындайды. Одан кейін бала сы Ануш-Тегинге тақ тиді. Ол Маңғыстау дағы Түпқарағаннан қала салғысы келді. Бірақ Ресей Иранмен қарым-қатынасын бұзғы сы келмеді.

Көп ұзамай орыс тағына І Петр көтерілді. Хиуа ханы Шернияз орыс бодандығына алуды сұрады. Осы кезде Амударияның алтын аралас құмын көрген Қожа Непес іске араласты. Патша князь Бекович-Черкасскийге Хожа Непес әкелген деректі дәйектеуді тапсырды. Бір топ теңізшілер кемелерін шұбыртып, Маңғыстауға аттанды. Зерттеу жұмыстарына кірісіп кетті. Олар жасаған карта үшін Париж ғылым академиясы І Петрге алтын медаль берді. 1717 жылы Хиуаға жорық басталды. Жаңа хан Шерғазы орыс қолын қатаң жазалады. Ол Орта Азия мен Қазақстан жеріне орыс экспансиясын жылдамдатты.

Бұған әлемдік мұхитта жаңа су жолдарының ашылуы да түрткі болды. Дүниені қалтыратқан Моңғол империясы жойылды. Оның орнына бірінен бірі ұсақ хандықтар көбейді. Олар тыныш отырмай, өзара таласты. Шығыстан келетін қауіп азайды. Орта Азия хандықтары әлсіреген үстіне әлсірей түсті. Қазақ тайпалары Алтын Ордадан қалған байтақ территорияны иеленіп қалуға тырысты. Маңғыстау мен Үстірт көп ұзамай солардың қарамағына өтті.

Бұл кезде Қарабұғаз бен Күнгей Орал арасындағы иен далада суыт жүргіншілер көбейді. Олардың қандай мақсат көздегенін Скилак, Патрокл, Демодам, Бируни, Авиценна, Мамун, Фадлан, Тоғрұл, Атсыз, Текеш, Мұхамедшах, Бату, Берке, Жәлелетдин, Жәнібек, Түйеқожа оғлан, Токтамыс, Әмір Темір, Темірқұтлық, Жыркұтлық, Төребек, Едіге, Орыс хан, Мұхаммед Шәйбани, Әвлие Челеби, Әбілғазы, Бекович-Черкасский, Аббат, Шекспир, Барбот де Марни, Гумбольдт т.б. деген аты-жөндерге қарап-ақ айыра беруге болатын еді.

Маңғыстау көп уақытқа дейін Ресей мен Хиуа арасындағы талас аймаққа жатқызылды. Бұл аталмыш өлкені зерттеу барысына да әсер етті. 1846 жылы бұл өлкеге М.И.Иванин соқты. Ғалым. Офицер. Әскери Академияда Шыңғысхан мен Әмір Темір тактикасынан сабақ жүргізеді. Білімпаз. Ориенталист. Жаңадан салынып жатқан Новопетровск бекінісінің іргетасын қалады. Маңғыстаудың ой-қырын түгел көріп шықты. Ескі қорғандардың қирандыларын, бекініс қалдықтарын, кесенелер мен күмбездерді, мұнараларды, сағаналарды, құлпытастарды, кромлех, дольмен, мегалит жұрнақтарын аралап көрді. Бір қойтаста белгіленген соңына екі тағы ит ертіп, атқа мініп аңға шыққан салт аттыны қызықтап көп тұрды. Қашып бара жатқан жолбарыс бейнесіне қатты зер салды.

Иваниннің бұл сапарынан кейін бұл түбекке келіп-кетушілер көбейді. 1870 жылы орасан зор әскери контингент жиналды. Кавказ билеушісі Ұлы Князь Михаил Романов бүкіл генералитетті осында жібергендей еді. Князь Мелихов, граф Кутайсов, барон Мейендорф, генерал-майорлар Комаров пен Бязинов, аға офицерлер Алиханов-Аварский, Ломакин, Гродеков, Саранчеев, Байков, Новицкий және басқалардан көз сүрінеді. Бұлардың көбі кейіннен генерал болды. Жер-жерде рекогноцировкалау жүргізілді. Үстірттің түкпір-түкпіріне әскери рейдтер шыға бастады.

Итібай құдығының басында мұнтаздай киінген, әскери академияны енді ғана тауысқан жап-жас майор, Санкт-Петербургтегі Петропавл бекінісінің комендантының ұлы, орыс қаруының даңқын асыратын әйгілі қолбасшы Михаил Дмитриевич Скобелевті жан-жақты жаңбырша жауған оқтың астында қарсы алды. Сонда тиген жеті бірдей жарақаты жергілікті мергендердің шиті мылтықтарының оқтары екен. Бас-аяғы айқыш-ұйқыш таңылған Скобелев одан арғы Хиуаға дейінгі ұзақ жолды жаралылар жатқан арбада өткізді.

Жорықтағылар жол-жөнекей аса терең шыңыраулардың басына тоқтап, көліктерін суарды. Кейбіреулерінің тереңдігі 80-100 метрге дейін жетеді екен. Мәселен, Жүз адым деген шыңырауды қазған құдықшылардың еңбек сүйгіштігі мен шеберлігіне таң қалмауға болмайды. Шыңыраудың біраз жері жоғарыдан төмен қарай біртіндеп тарыла беретін тас «тоқаштармен» өрілген. Бір-екеуі құдықтың ауызына әйкел ретінде қаланыпты. Соларға қарап, әрқайсысының тау басынан асқан шеберлікпен қол арамен әдемі леп кесілгенін аңғарасыз. Су түйе жеккен шығырмен тартылып, бес биенің сабасындай әйдік қауғалары әбден тереңдетілген тас астауларға құйылады. XX ғасырдың басында Маңғыстау уезінде осындай 4168 құдық бар екен. Оның 1211-нің суы тұщы, ал 2957-сінің суы мал суаруға жарайтындай ащылау болып келеді екен.

Кейбіреуінің маңында анадай жерден ағарандаған ауыл отырады. Ағаш үйлерге кіре қалсаңыз, шырқ айналып шыға алмайсыз. Дала ісмерлерінің киіз басу, кілем, өрнек тоқу, кесте тігу, зергерлік пен етікшілік өнерінің небір тамаша үлгілерін көресіз.

Дала тұрғындары тек тірілеріне ғана емес, өлілеріне де орасан құрмет көрсеткен. Қабір өлген кісінің жеке басының қадір-қасиетін көрсетсе, зират – ол тұрған социумның жалпы жағдайынан сыр шерткен. Күмбездері, сағаналары, құлпытастары алыстан менмұндалайды. Қапелімде қала екен деп қаласыз. Бүгінде мұндай жүздеген «өлі шаһарлар» Маңғыстау мен Үстірттің ұшы-қиырсыз жазираларында самаладай самсап тұр.

Иә, 1873 жылы Хиуа жорығының Маңғыстау отрядын басқарған полковник Ломакин 1870 жылы түбекке алғаш келгенінде-ақ әбден дұрыс аңғарған. «Мұнда жапырайған сары кемік жартастар мен сусыған құмдардан, шетсіз де шексіз далия созылып жатқан, бір тал шөп өспейтін меңіреу далалардан басқа ештеңе де көрмейсіз... Бұның бәрі алғашында, әсіресе Кавказ табиғатын тамашалап қалған адамға айта қаларлықтай ауыр әсер қалдырады. Көпке дейін бұл өлкеге үйренісіп кету үшін де, оның тіршілігіне жарастықты нәр беріп жатқан жақсы жақтарын байқап, тани білу үшін де едәуір төзім мен жеткілікті уақыт керек сияқты» деп еді.

Расында да, мұнда қордаланған табиғи байлықтары, ғасырлар бойы түзілген тарихи тәжірибелерді мольнан игеріп үлгергенше едәуір мезгіл өтеді екен.

Хиуа жорығынан кейін жан-жақта әр алуан экспедициялар мен зерттеуші партиялар ағылды. Олар ежелгі түбекті ұзақ зерттеді. Тек XX ғасырдың екінші жартысына қарай өлке ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс пен шын мәнінде тереңдей түскен жаппай шаһарланудың биік белесіне көтерілді. Бұл белгілі мөлшерде өткеннің тарихи-мәдени раритеттеріне басқа жақтардан ешкім келіп тиіспей локальдануына, ұзақ сақталуына оң ықпалын тигізеді екен.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан аса мол табиғи ресурстарды индустрияландыру мен инновациялық даму жолына түсіріп, аса ауқымды экономикалық жетістіктерге жетуде. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеке бастамасымен «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы зор табыспен жүзеге асуда. Оның өрістеу барысы мен бағытын экскурсиялар мен көрмелерден өздеріңіз көре аласыздар.

Мемлекет есепке алған тарихи, мәдени, архитектуралық жәдігерлердің тең жартысындайы осы Маңғыстау мен Үстірт қойнауларына орналасқан. Өлкені, тұтастай алғанда, ашық аспан астындағы музей деп қарастыруға болады. Тарих пен табиғат сыйлаған асыл мұраларды жан-жақты тереңдетіп тану, табу, сақтау және күнделікті тәжірибеде терең де тиімді пайдалана білуді мақсат еткен кең қарымды жұмыстар атқарылуда.

Сіздердің мұндай мәртебелі бас қосуларыңыз бұл жетістіктерге оң ықпалын тигізетініне сенімдіміз.

Табыстар тілеймін. Рахмет.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ
Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері.